

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спорттық медицина және оңалту орталығы» РМҚҚ қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізудің нәтижесі бойынша талдамалық анықтама

1. Талдау жүргізу кезеңі 2018 жылғы 16 қаңтардан бастап 18 қаңтар аралығы.

Ішкі талдау нысаны қызметінің талданылған мерзімі: 2017 жыл.

Агенттіктің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізудің Үлгілік ережелеріне сәйкес, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спорттық медицина және оңалту орталығы» РМҚҚ (бұдан әрі - Орталық) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізілді.

2. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерді ішкі талдау үшін негіз болған Орталықтың директоры м.а. шешімі болып табылады.

Талдау жүргізу үшін 2018 жылғы 16 қаңтарда № 22НҚ бұйрықпен келесі құрамда жұмыс тобы құрылды:

Жұмыс тобының жетекшісі: директордың м.а. Р.Н. Сапаргалиев;

Жұмыс тобының мүшелері:

кадр бөлімінің инспекторы М. Менғалиқзы; бас бухгалтер Г.С. Балтабекова;

3. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көзі болып табылады:

- 1) бөлімшенің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілер;
- 2) бөлімшеге қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерістердің нәтижелері;
- 3) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- 4) бөлімшеге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 5) прокурорлық қадағалау актілері;
- 6) сот актілері;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұсынуға тыйым салынбайтын басқа да мәліметтер.

4. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Орталықтың қызметін реттейтін заңнамада сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау;
 - 2) Орталықтың ұйымдастыру-басқару қызметінен сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау.
- 1. «Орталықтың қызметін реттейтін заңнамада сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау» бағыты бойынша.**

Орталық өз қызметінде Қазақстан Республикасының Еңбек, Бюджеттік, Азаматтық, Салық кодекстерін, «Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 Қаулысын, «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №228-V-ҚРЗ Заңын, «Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 191 бұйрығын басшылыққа алады.

Комитет мемлекеттік сатып алуларды «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 «Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру Ережелерін бекіту туралы» бұйрығының нормаларына сәйкес жүргізеді. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулар мемлекеттік сатып алулардың веб-порталы арқылы электрондық түрде жүргізіледі және жеткізушімен қандай да бір байланысқа түсуге жол берілмейді. Келісімшарттарды жасаудың тек қана электрондық үлгісі веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша толық және нақты акпаратты қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағасын анықтауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік сатып алуларды жеңілдету және айқыннатуға бағытталған электрондық келісімшарттар мен басқа да нормаларды енгізу сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерді ықшамдауға мүмкіндік тудырды.

- 2. «Орталықтың ұйымдастыру-басқару қызметінен сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау» бағыты бойынша.**

Персоналды басқару саласы, соның ішінде кадрлардың ауыспалылығы бойынша:

2017 жылдың 1 шілдесіне штат саны – 151 бірлік. Жеке тұлғалардың нақты саны – 127 адам, бос орын – 3 (1 бірлік офтальмолог-дәрігер, 2 бірлік мейірбике).

2017 жылы ауыспалылық – 36 адам, соның ішінде өз еркімен 34, еңбек тәртібін бұзуға байланысты – 1, зейнет жасқа жетуге байланысты – 1.

2017 жылы тәртіптік жауапкершілікке 3 адам тартылған:

Азаматтық қызметтің беделін түсіретін тәртіптік қылық – жок;

Сотталғандар – жок;

Сыбайлас жемқорлық құқықбұзуышылыштар – жок.

Мұдделер қайшылығын реттеу саласы бойынша:

Мемлекеттік сатып алу процедураларын жүргізу және лауазымның тікелей бағынысында болатын мемлекеттік лауазымдарға тағайындау барысында жақын туыстармен ((ата-аналар(ата-аналармен), балалармен, асырап алушылармен, асырап алынғандармен, бір туған және бір тумаған ағалар мен әпкелермен, аталармен, әжелермен, немерелермен немесе жолдасымен (жұбайымен) қосылу фактілері анықталған жок.

3. Орталықтың ұйымдастыру-басқару қызметінен шығатын басқа да мәселелер.

Орталық, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дene шынықтыру істері комитетінің ведомствалық бағынышты ұйымы бола тұра, мамандандырылған медициналық көмек пен дene шынықтыру және спортпен шұғылданатын тұлғаларға дәрігерлік бақылауды жүзеге асыратын қызмет көрсетеді. Осыған байланысты, Орталық үшін ұйым штатында келесі лауазымдардың болуы өндірістік қажеттілік болып табылады:

- 1) Бас мейірбике;
- 2) Емдік дene шынықтыру;
- 3) Дәріші (фармацевт);
- 4) Медициналық тіркеуші;
- 5) Физиолог;
- 6) Массаж (сылау) бойынша мейірбике.

Бірақ, Орталықтың шаттық кестесіне аталған лауазымдарды енгізу Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 419 «Мәдениет, мәдениет саласында білім беру, тілдерді дамыту, архив ісі және құжаттама, дene шынықтыру және спорт салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» бұйрығында болмағандықтан мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 348 бүйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің 2018 жылға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралар жоспарының 7 тармағын орындау мақсатында Орталықтың 2018 жылға арналған сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу бойынша шаралар Жоспары бекітілген.

Жоспарда келесі шаралар көзделген: сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын түсіндіру бойынша құқықтық жалпы оқытуларды жүргізууді ұйымдастыру, жеке және занды тұлғалардың Орталықтың қызметшілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сактау мәселелері жөнінде өтініштерін бақылау және келіп түскен арыздар бойынша уақтылы шешім қабылдау, сыбайлас жемқорлық көріністермен байланысты азаматтардың арыздарын қарауды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі ережелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасау фактілерін жол бермеу бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру, сонымен катар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шараларды күшейту мақсатында тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және Орталық қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі.

Орталықтың холында Орталықтың сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық фактілері жөнінде азаматтардың жазбаша өтініштеріне арналған жәшік орнатылған.

5. Талданылған мерзімде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді ішкі талдау нәтижлері бойынша талдамалық анықтама Орталықтың сайтында белгіленген тәртіpte орналастырылатын болады.

2018 жылғы желтоқсанда Орталық қызметіне ішкі талдау жүргізу қарастырылған.

Орталық қызметінде сыбайлас жемқорлық болуы фактісі жөнінде жеке және занды тұлғалардың өтініштері анықталмағанын атап өтеміз.

6. Ұсыныстар:

«2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы сыйбайлар жемқорлыққа қарсы стратегия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында, Орталықтың 2018 жылға арналған Сыйбайлар жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу бойынша шаралар жоспары бекітілген.

Жоспарда келесі шаралар көзделген: сыйбайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын түсіндіру бойынша құқықтық жалпы оқытуларды жүргізуі үйымдастыру, жеке және заңды тұлғалардың *Орталықтың* қызметшілері сыйбайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманы сактау мәселелері жөнінде өтініштерін бақылау және келіп түскен арыздар бойынша уактылы шешім қабылдау, сыйбайлар жемқорлық көріністермен байланысты азаматтардың арыздарын қарауды қамтамасыз ету.

Сыйбайлар жемқорлық құқықбұзушылық жасау фактілерін жол бермеу бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру, сонымен қатар сыйбайлар жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шараларды күшету мақсатында 2018 жылы тұрақты негізде сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мониторинг және *Орталық* қызметінің сыйбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қажет.

Директордың м.а.

Бас бухгалтер

Кадр бөлімінің инспекторы

Р. Сапарғалиев

Г.С. Балтабекова

М. Менғалиқызы

Орын.: М. Менғалиқызы
8 (727) 292 43 34 # 122